



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларына өзгертулер енгізу туралы

Астана қ.

2025 жылғы 4 қараша

Қазақстан Ұлттық Банкі ҚР Қаржы министрлігімен (бұдан әрі – ҚРҚМ) бірлесіп «Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларына өзгертулер енгізу туралы»¹ ҚР Ұлттық Банкінің Басқармасы мен ҚР Қаржы министрінің бірлескен қаулысы мен бұйрық жобасын (бұдан әрі – Жоба, Қағида) әзірлегенін хабарлайды.

Жоба **ҚРҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті, Ұлттық Банк және уәкілетті банктер арасында валюталық бақылау құжаттары бойынша қолданыстағы дерек алмасу сервистерінің қолданылу мерзімін 2026 жылғы 1 наурызға дейін ұзарту** мақсатын көздейді.

Қағидаларға сәйкес, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап МКК, Ұлттық Банк және уәкілетті банктер тауарларға арналған декларациялар мен тауарларды әкелу және қосылған құн салығын төлеу туралы өтініштер бойынша мәліметтерді күн сайын алу, сондай-ақ электрондық шот-фактуралар бойынша ақпарат алмасу платформасын күнделікті режимде іске қосу арқылы жаңа форматта ақпарат алмасуға көшуі қажет. Бұған дейін аталған құжаттар бойынша ақпарат алмасу ай сайын және «сұрау-жауап» форматында жүзеге асырылды.

Уәкілетті банктерге ақпараттық жүйелерді интеграциялауды және оларды тестілеуді аяқтау үшін қосымша уақыт қажет. Осыған байланысты, **2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгуге тиіс Қағида нормаларын 2026 жылғы 1 наурызға дейін кейінге қалдыру** ұсынылады.

Қосымша ретінде Қағидалардың жекелеген ережелерінің редакцияларын нақтылауға және жетілдіруге бағытталған нүктелік түзетулер көзделген.

Ұсынылып отырған түзетулер мемлекеттік органдар мен валюталық бақылау агенттері арасындағы ақпарат алмасу үдерісін жақсартуға, экспорттық-импорттық шарттар бойынша міндеттемелердің орындалуын мониторингтеу тиімділігін арттыруға, бұл өз кезегінде сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларына оң әсерін тигізуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ақпараттық жүйелерді интеграциялау аясында енгізілетін өзгертулер экспорт-импорттық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпкерлер үшін есептілік нысандарының тізбесін кеңейтуді немесе есептілік форматын өзгертуді көздемейтінін атап өткен жөн.

Ақпараттық кестемен Ұлттық Банктің интернет-ресурсында танысуға болады: <https://www.nationalbank.kz/kz/npa/valyutnoe-regulirovanie-i-valyutnyy-kontrol/project>.

¹ «Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 78 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 1054 бірлескен қаулысы мен бұйрығына өзгертулер енгізу туралы»

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz